

Алаш арыстарының нағыз жоқтаушысы жазушы, журналист Қайсар Әлім 75 жаста

Арқалық қаласындағы облыстық № 2 ғылыми әмбебап кітапханасында «Алаш арыстарының нағыз жоқтаушысы» тақырыбында жерлес жазушы Қайсар Әлімнің 75 жас мерейтойына арналған әдеби кеш өтті.

Белгілі жазушы, Қазақстан Журналистика академиясы «Алтын Жұлдыз» сыйлығының және М.Дулатов атындағы сыйлықтың иегері Қайсар Әлімнің 75 жас мерейтойына арналған «Алаш арыстарының нағыз жоқтаушысы» атты кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен Нәзипа Құлжанова



атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттер үйінде әдеби кеш өткізілді. Кеш

барысында студенттерге ақынның өмірі, шығармашылық, қызметтік жолдары, сондай-ақ ақынның марапаттары мен жүлделері жайында ақпарат берілді. Кеште Қайсар Әлім туралы әріптес лебіздерінің бейнежазбасын тамашалады және студент қыздар Жібек Қонарбай жазушыға арнаған арнауларын оқыса, Гүлсезім Нағашыбай күнделік беттерінен үзінділер оқыды. Кеш соңында Амандық Бейсенбектің орындауында «Туған жер» әнін тыңдап, студенттер кітап көрмесін тамашалап, іс-шарадан мол мағлұмат алып, ыстық ықыластарын білдірді.

**Г. КАРБОЗОВА,
№2 ОҒӘК кітапханашы.**